



Ақмешіт

26 қазан
сейсенбі
№85 (1787)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА
БОЛҒАНДА

СЫРДАҒЫ ҮКІМ



Қасиетті Сыр топырағы талай сырды ішіне бүгін жатыр. Өткен ғасырдың зұлматты жылдарында алаш арыстарының ұлтқа қызмет ету мақсатындағы игі бастамаларына, құнды еңбектерінің жарыққа шығуына куә болған Сыр топырағы – олардың қуанышы мен қайғысының, тартқан азабының куәгері. Бір сәтке жас балаша қиялға берілсек, Жер-Анаға тіл бітсе, талай шындықты жайып салар еді. Дегенмен қазақ елі тәуелсіздік алғалы зерттеушілер мен тарихшылар, жазушылар бір кездері архивтің бір бұрышында жарияланбай қалған көне құжаттарды ақтарып, мүмкіндігінше алаш арыстарының талайы тағдырын жазды, әлі де зерттеуде. Бұл тарихымызды тануға, ұлтқа қызмет еткен арыстар еңбегін бүгінгі ұрпаққа жеткізуде үлкен іс десек артық айтқандық емес. Ұлт зиялысы Жүсіпбек Аймауытовтың табаны тиген, бірнеше еңбегін жарыққа шығарған Сыр топырағы – оның талайы тағдырының да куәгері.

Алаш арыстарының бірі Жүсіпбек Аймауытов туралы айтқанда оның «сегіз қырлы, бір сырлы» қасиетін атап айтқан жөн. Оқырманға Ақмешіт Қызылорда болған жылдардағы ұлт зиялысы Жүсіпбек Аймауытов туралы кең мағлұмат беру мақсатында бірқатар зерттеу еңбектеріне, естеліктерге сүйенгенде оның қабілеті мен таланты, ұлт үшін еткен еңбегін оқып та, айтып та тауыса алмайтынмызға көз жетті. Яғни оның есімін айтқанда бір ғана жазушылығын айта алмайсыз. Ол суретші, жазушы, ақын, драматург, музыкант, журналист және тағысың тағы...

2 БЕТТЕ

АЛТЫН ДӘН – 2021

СЫРБӨЙІЛІКТАР ЕЛ ҚАМБАСЫНА 500 МЫҢ ТОННА КҮРІШ ҚҰЙДЫ

Биылғы жыл аймақтағы ауыл шаруашылығы саласының мамандарына оңай тиген жоқ. Сырдариядағы су деңгейі, құрғақшылық салдары егістік пен мал шаруашылығына біраз қиындық тудырды. Десе де аймақ экономикасына бірден-бір басты әсер етуші сала жұмысын тоқтатқан жоқ. Өткен аптада сол агро саланың биылғы еңбегі қорытындыланып, озат шаруалар марапатталды. Күзгі егін науқаны жұмыстарын қорытындылайтын «Алтын дән-2021» мерекелік шарасына аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова қатысып, дала еңбеккерлеріне құрметін жеткізді.



Жиынға сонымен қатар Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бахтиярұлы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары Гүлжахан Бимендина, қала, аудан әкімдері, «Қазақстан Фермерлер Қауымдастығы» қоғамдық ұйымының Қызылорда филиалының төрағасы Өмірхан Пашкенов, сала үздіктері және онлайн форматта 250-ге жуық шаруашылық өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы өтпелі қиындықтарға қарамастан ел қамбасын астыққа толтырып, мол өнім алуға қажырлы еңбек еткен шаруа қожалықтарының басшыларына алғысын жеткізіп, ізгі ілтипатын арнады.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ең сенімді валюта – азық-түлік» деген сөзі бар. Уақыт өткен сайын

ауыл шаруашылығының ел экономикасындағы мәні мен маңызы артып келеді.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында облыс дикандары биылғы жылғы вегетация кезінде су тапшылығына және басқа да қиындықтар бәрін еңсере отырып, аянбай еткен еңбектерінің арқасында 500 мың тоннаға жуық Сыр күріші ел қамбасына құйылды. Биылғы жылдың маусым – шілде айларындағы ауа райының ыстығына, суармалы судың тапшылығына қарамастан маңдай терін төгіп, адал еңбектің үлгісін көрсеткен дикандарымызға қандай мадақ айтсақ та жарасады. Өздеріңізге барша Сыр жұртшылығы – жерлеріңіздің атынан алғысымды білдіремін! – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

4 БЕТТЕ

СЕССИЯ

Қалалық мәслихат сессиясынан:

ӘКІМ ІСКЕР БОЛСА, АУЫЛДА ҚАРЖЫ БОЛАДЫ

Қызылорда қалалық мәслихатының мәжіліс залында VII шақырылған қалалық мәслихатының кезектен тыс XII сессиясы өтті. Сессия отырысына мәслихат депутаттары, қала әкімінің орынбасарлары мен аппарат басшысы, қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы, кент және ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Сессияның күн тәртібіндегі ауыл бюджеті мәселесі бойынша қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Г.Баймаханова хабарлама жасады.

– Бүгінгі сессияға қалаға қарасты кент және ауылдық округтердің ішкі жұмыстарымен мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын ұлғайту үшін бюджеттен қаржы бөледі ұсынын

отырмыз. Мәселен, Қызылжарма ауылдық округі әкімі мемлекеттік қызметшілердің шілде айынан бастап еңбекақысының өсуіне орай, облыстық бюджеттен 4 491 млн теңге, қалалық бюджеттен 4 491 млн теңге қаржы сұрауда. Сондай-ақ Әбенов көшесіне түнгі жарық шамдарын орнатуға жоба сметалық құжаты мен сараптама қорытындысын алуға 300 мың теңге, Досхожин көшесіне спорт алаңын салуға жоба сметалық құжатын әзірлеуге 327 мың теңге, тағы осы сияқты жұмыстарға қаржы керек. Сонымен бірге өзге де кент пен ауылдық округтерге бюджет бөліну керек, – деді бөлім басшысы.

2 БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ

КЕШІКПЕЙ КЕЛЕТІН ЕҢ...

«Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші қоғамдық көлік жыры әлі де шешілер емес. Соңғы жылдары дауға айналған бұл мәселе қала тұрғындарының көңілінен шықпай жүр. Олардың топырлатып адамды тиеп алып, жылдамдықты арттыруы, кешігіп келуі тағы басқа да себептері жетерлік. Халық қанша наразылық білдіріп, БАҚ жарыса жазғанмен еш нәтиже жоқ. Баяғы жартас – бір жартас.



Әйтеуір қоғамдық көлік сапасына қарапайым халықтың өкпесі қара қазандай. Соңғы жылдары жаңадан үлкен сыйымдылықтағы автобустар алынып, біршама жаңарды. Оны жоққа шығарудан аулақпыз. Алайда дәл қазіргі кезде қоғамдық көлікті құда күткендей ұзақ күту жетер жеріне

жеткендей. Күндіздің өзінде қолға түсе бермейтін автобусты, кешке тіпті ұстай алмайсың. Сөздің шыны. «Кешікпей келетін ең» деп жолға телмірумен бар уақытың өтеді. Бүгінде оқушылар сабаққа кешікпеу үшін амалсыздан таксиге мініп жүр. Бұл жағдай ата-аналарды алаңдатуда.

2 БЕТТЕ

БАҒДАРЛАМА ИГІЛІГІ

Елімізде «Нәтижелі жұмыспен қамтудың және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға» арналған «Еңбек» бағдарламасы арқылы жұмыссыз азаматтарды еңбекпен қамту көзделген. Соның нәтижесінде тұрақты жұмысқа тұрып, енді бірі өз кәсібін ашып игілігін көруде.

КӘСІП КӨЗІН ТАБУ ДА ӨНЕР



Қазіргі кезде несие алып, өз кәсібін дөңгелем дөңгелемде қаржы бөлініп, барлық жағдай жасалуда. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – жұмыс орындарын ашып, жұмыссыз азаматтарды тұрақты еңбекпен қамту. Қызылжарма ауылдық округінің тұрғыны жеке кәсіпкер Олжас Досмаханов «Шыңғыс» кәсіпкерлігін ашты. Қарапайым отбасында тәлім-тәрбие алған Олжас жастайынан мал шаруашылығымен айналысып келеді. Ол

мемлекеттік бағдарлама арқылы 6 процентпен 3 млн теңге несие алды. Сөйтіп 10 ірі қара алып, Қызылжарма ауылын сүт өнімдерімен қамтамасыз етуде. Сонымен қатар жұмыссыз жүрген бір ауыл тұрғынына жұмыс беріп отыр. Жеке кәсіпкер алдағы уақытта алған несие мен толығымен қайтарып, өз кәсібін әрі қарай дамытуды көздейді.

2 БЕТТЕ

ШЫРАҒДАН



Ғабидулла ШАРАПАТОВ, №112 мектеп директоры:

«БІЛІМ, ТӘРТІП, ТАЛАП – МЕКТЕПТІҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ»

БАЛА ТӘРБИЕСІ – ҚАСТЕРЛІ ҚЫЗМЕТ

Бұл мектепте әр жылдары талантты да тәжірибелі мамандар жұмыс істеді. Олардың қатарында Инна Воробьева, Анатолий Васильевич, Валерий Викторович, Нұржамал Мырзамұратова, Рафкат Хафизов, Наталья Васильевна, Асылхан Сейілхановтар бар. Олар әрқашан да «Мектеп – киелі шаңырақ, бала тәрбиесі – қасиетті жұмыс, ал ұжымды ұйымдастыра білу – абыройлы міндет» деген ұстанымды мақсат тұтты.

Ал бүгінгі мектеп директоры Ғабидулла Әбдірайымұлы білім саласына жолдан қосылған жай адам емес. Білім саласының саласының отымен кіріп, күлімен шыққан маман. Өзі басқарып отырған ұжымның қай кезде де жаңашылдыққа, бастысы, білімді тәрбиемен ұштастыра отырып заманауи қабілетке үндел келеді.

Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, «Мектептің жаны – мұғалім». Расыменде ұстаз оқу үдерісінде басты тұлға. Мұғалімдер өмір бойы жинаған білімдерін адал көңілі мен пейілін, ыстық жүрегімен шанайы тілегін, маңдай тері мен қызметін, бәрін-бәрін шәкірт болашағына жұмсайтын болмыс иесі. Мектептің ұлағатты ұстаздары Негізбек Имбетов, Серік Асанов, Болатбек Бейсов, Рита Рысбаева, Алмаш Акбергенова, Айзада Сайдалиева секілді басқа да мәртебелі мамандық иелері өздеріне жүктелген жауапкершілікті абыроймен атқарып келеді. Жас шәкірттер бойына даналықтың дөнін сеуіп, білім нәрімен сусындатуда бар ынта-ықыластарымен еңбек етуде. Олардың тәлімін алған шәкірттер әртүрлі білім байбелерінде оза шауып, мектеп мерейін үстем етіп жүр.

ҰСТАЗДАН ШӘКІРТ ОЗАР...

Қоғам жетілген сайын «Ұстаздан шәкірт озады» демекші, облыстық әкімшілікте қызмет атқарып жүрген Азамат Жайсаңбаев, Елена Шарина, облыстық прокуратурада қызмет атқаратын Нұрлан Бижанов, Назарбаев зияткерлік мектебінде қызмет атқаратын Жәмила Есанова, Сейхун спорт клубының директоры Алексей Абдулхасанов, жер комитетінің бөлім басшысы Дәурен Бижанов – мектеп мақтанаштары.

Мектеп жетістіктері ұстаздар қауымына күш беріп, оларға шығармашылық шабыт сыйлары анық. Осы тұста жүздеген орын алып, мектеп мерейін үстем етіп жүрген ұстаздардың жетістіктерін де атап айта кетуді жөн көрдік. Соның бірі – бала жанының бағбаны атанып жүрген бастауыш сынып мұғалімі Ұлбосын Бисенова. Ол республикалық, облыстық, қалалық жарыстардың жеңімпазы. «Ұлы дала



Ұстазы» медалінің иегері. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ұлжан Жорабекова – облыстық кәсіподақ комитетінің, облыстық білім басқармасының құрмет грамоталарының иегері. Марина Имангайқызының оқушысы Азат Наргиз «Абай шығармаларының тағылымы» атты ғылыми жобала I дәрежелі дипломға ие болды. Таеквондо спорт түрінен оқушысы Томирис Ідрісова түрлі жарыстың жеңімпазы. Бастауыш сынып мұғалімі Айгүл Әбдірабаева ПОНИ халықаралық байқауына білімді оқушылар дайындағаны үшін арнайы диплом және облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Серік Асанұлы түрлі республикалық, облыстық конкурстарда оқушылары үздік көрінгені үшін облыстық білім басқармасының арнайы «Құрмет грамотасын» иеленді. Тарих пәнінің мұғалімі Айгүл Рақымжанова,



информатика пәнінің мұғалімі Салтанат Тұрсынова, Алмагүл Дүйсенгазиеваның оқушылары көптеген сайыста озық шығып, мектеп пен Сыр елінің атын абыроймен қорғап келеді. Математика пәнінің мұғалімі Ләззат Өтепова қалалық «Үздік математика пәнінің мұғалімі-2020» байқауында III орынмен марапатталды. Сонымен қатар Индира Әбжанова, Айжан Садуақасқызы, Әлия Асқарова, Мөлдір Ақылбекқызы сынды жас ұстаздар қауымы аға буын өкілдерінің жолын жалғап келеді. Түрлі ғылыми семинар-конференциялар, қайырымдылық іс-шаралар, әртүрлі бағыттағы акцияларды ұйымдастыру барысында мектеп ұжымы бір кісідей талаптарды орындап, құрметке бөленіп жүр.

ДИРЕКТОРДЫҢ ДЕРЕГІ

– 2020-2021 оқу жылында мектеп күрделі жөндеуден өтті. Демеушілер көмегімен мектеп ауласына спорт алаңы салынды. Оқушылар қауіпсіздігі үшін мектеп алдына турникет орнатылды. Білімге көңіл бөлген кезде ғана ол он нәтиже көрсетеді. Шәкірттеріміз әртүрлі олимпиада мен спорттық сайыстардың жеңімпазы екенін атап өткім келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Биылғы қаңтар айынан бастап педагогика саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 процентке көбейді. Алдағы үш жылда осы



мақсатқа тағы 1,2 триллион теңге жұмсаймыз. Қабылданған шаралар жемісін беріп жатыр. Педагогикалық мамандыққа оқуға түсу бағы жоғарылады. Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз. Біздің білім беру жүйеміз колледжімізді әрі инклюзивті болуға тиіс. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Жалпы еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар әрқашан бір алым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу» деген еді. Біз де осы мақсатта Президент Жолдауын іске асыруда жүйелі жұмыстар жасап келеміз. Алдағы уақытта да бұл тұрғыдағы жұмыстар жалғаса беретін болады. Мектеп мерейін өсіретін дарынды шәкірт тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы. Осы үдеден шыға білеміз деп сенемін, – дейді мектеп директоры Ғабидулла Шарапатов.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығы Сыр елінде де дүркіреп өтті. Н.Бекежанов атындағы академиялық музыка драма театрында сахна шымылдығын Ыбырай Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейдің ұстаздары мен оқушылары әсерлі прологпен ашты. Ұлағатты ұстазды ұлықтау шарасына облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова қатысты.

– Ұлы ағартушы, ұстаз, жазушы, этнограф, фольклоршы Ыбырай Алтынсарин біртуар болмыс иесі. Ыбырай ағартушылықтың негізін қалаған Ұлт педагогы ретінде ел тарихында айрықша із қалдырды. Сондықтан қазақ елінің ағартушылық саласы Ыбырай Алтынсарин есімімен тікелей байланысты. Оның өлендері мен әңгімелері – ұлттық болмысымыздың айнасы. Барлық кедергілер мен қиындықтарға қарамастан, қазақ халқының зерделі ұрпағын тәрбиелеу жолында талмай еңбек еткен Ұлы ағартушыны ұлықтау – ең алдымен біздің, яғни педагогтардың басты парызы, – деді Ақзира Қасымова.

Сала басшысы барша Сыр ұстаздарын құттықтап, Ыбырай Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейдің ұжымына қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Қызылорда облыстық ұйымының атынан ұстаздар бөлмесіне арналған екі принтермен жиһаз сыйға тартты. Сондай-ақ білім ордасының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ләззат Байжігітова, орыс тілі пәнінің мұғалімі Сәуле Үмбетбаева, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, физика пәнінің мұғалімі Гүлшара Полуванова, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Анарқұл Тілеуова, бастауыш сынып мұғалімі Райқұл Рахметова, орыс тілі пәнінің мұғалімі Айнаш Қараманова және математика пәнінің мұғалімі Гүлшат Арыстановаға Қызылорда облысы әкімінің алғыс хатын табыс етті. Мұнан бөлек, бастауыш сынып мұғалімі Патима Каржанбаева, музыка пәнінің

ҰЛТ ҰСТАЗЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ



мұғалімі Майра Ермаханованы, тарих пәнінің мұғалімі Перизат Байменованы және география пәнінің мұғалімі Әлия Кендебайқызымен бастауыш сынып мұғалімі Нұршат Төлегенованы қала әкімінің алғыс хатымен марапаттап, мерейін үстем етті.

– Ұлт ұстазының асқақ рухы ұлы мұраттарға жетелесін деп біздің өңірде де ұлықтау шаралары өтті. Облысымызда 3 білім беру ұйымы Алтынсарин атымен аталады. 36 мұғалім «Ыбырай Алтынсарин атындағы төс белгі» иегерлері. Біз қай кезде де ұлы тұлғалар аманатына адал екенімізді, Алтынсарин мұраларын қадірлеп, қастерлеу әрбіріміздің перзенттік парымыз екенін айтқым келеді. Бүгін, міне, облыс ұстаздарының қатысуымен тағылымды шараның куәгері болып отырмыз.

Бұл – біртуар ғұлама ойшылымызға деген зор құрметтің белгісі. Біз Ұлт Ұстазы – Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын насихаттауда мерейтойлық жыл аясында қалып қоймай, ұлы кемеңгердің еңбектерін жас буынға жеткізу үшін жаңа жобаларды қолға аламыз, – деді сала басшысы Ақзира Бактыбайқызы.

Еліміз бойынша тойланған ағартушының мерейтойы біздің өңірде де 10 күндік тағылымды шаралармен толықты. Алтынсарин мектептері желісінің қатысуымен республикалық тоғызқұмал сайысы өтті. Сонымен қатар қылқалам шеберлері мен жас ақындар арасында мұшайра мен пікір-сайыс, сахналық қойылым, мәнерлеп оқу, ғылыми жобалар сайыс және волейболдан турнир ұйымдастырылды.

